

## **Төлемдер бойынша деректер өңдеу және беру бойынша ақпараттық-техникалық қызметтер көрсету туралы қосылу шарты**

Осы Төлемдер бойынша деректерді өңдеу және беру бойынша ақпараттық-техникалық қызметтер көрсету туралы қосылу шарты (бұдан әрі-Шарт) төлем ұйымы болып табылатын (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде төлем ұйымы ретінде есептік тіркеу 2021 жылғы 25 наурызда жүргізілді, тіркеу нөмірі № 02-21-084) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржы порталында орналасқан Halyk Market электрондық сауда алаңының иесі Halyk қосымшасы / сайт Halykmarket.kz, «Halyk Finservice» ЖШС (бұдан әрі - Ұйым) бір жағынан және Серіктес (заңды тұлға / жеке кәсіпкер), екінші жағынан, арасындағы қатынастарды реттейді.

Осы Шарт Ұйым мен Серіктес арасындағы құқықтарды, міндеттерді, жауапкершілікті және өзге де құқықтық қатынастарды белгілейді, Ұйымның осы Шартта көзделген қызметтерді көрсету талаптары мен тәртібін айқындайды.

Осы бөлімнің соңғы абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Серіктес осы Шарттың 1-қосымшаның нысаны бойынша Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі-өтініш) өз қолын қою арқылы Шартқа қосылады. Өтінішке Серіктес / оның уәкілетті өкілі қағаздық тасымалдағышта және / немесе электрондық түрде немесе заңнамаға қайшы келмейтін және Серіктестің ерік білдіруінің мазмұнын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілдермен қол қояды. Серіктес қол қойған өтініш Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

Серіктестің (ЭЦҚ арқылы қоса алғанда), оның уәкілетті өкілінің өтініштегі қолы және/немесе қызметті пайдалану Серіктестің Шарттың қосымшаларын қоса алғанда, Ұйым ұсынған Шарттың талаптарымен танысқанын және оларды сайтта орналастырылған Шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдайтынын білдіреді.

Ұйым мынадай жағдайларда, бірақ олармен шектелмей, заңды тұлғамен/жеке кәсіпкермен шарт жасасудан бас тартуға құқылы:

1) Ұйымның сұратууы бойынша Сауалнамада мәліметтер бойынша құжаттардың түпнұсқаларын ұсынбау;

2) заңды тұлға өкілінің, жекекәсіпкердің немесе оның өкілінің ұйыммен (Call-орталық операторларымен/менеджерлерімен және ұйымның өзге де өкілдерімен) өзара іс-әрекет жасау кезінде іскерлік әдеп ережелерін, жалпы қабылданған мораль және коммуникациялық әдеп ережелерін сақтамауы, оның ішінде мқынмен шектелмей: балағат сөздерді, ұрысуларды, корлайтын сөздерді, өзге де бұзақылық әрекеттерді қолданумен;

3) Ұйымға өтініш жасаған күні өз қызметін алты айдан кем жүзеге асырған заңды тұлға / жеке кәсіпкер;

4) заңды тұлғаның өтініш берген күнге өтелмеген салық берешегі бар;

5) өзге жағдайларда Ұйымның қарастыруы бойынша жүзеге асырылады.

Ұйым өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша Серіктеске Шарт жасалғанын растау туралы хабарлама жіберген және/немесе Серіктес Ұйым жүйесін пайдаланған күннен бастап (жүйенің деректеріне сәйкес) жаңадан қосылған Серіктестер үшін Шарт жасалды деп есептеледі және күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді.

Ұйым өтініш берушіге Шарт жасасудан бас тарту себебін көрсетпеуге құқылы.

Шарт Қосылу шартының (Halyk Market электрондық сауда алаңында тауарларды және (немесе) қызметтерді орналастыратын серіктестер үшін) жаңа редакциясы болып табылады.

Қосылу шартына бұрын қосылған Серіктестер, сондай-ақ Қызметті пайдаланатын Серіктестер Ұйымды Шарттың бұзылуы не одан бас тартуы туралы хабардар етілмегенін, Шарттың талаптарымен өзінің келісімін растайды және ол бойынша міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды және Шарт өз әрекеттері осындай Серіктестермен 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған Тараптардың өзара қарым-қатынастарына таралады.

### **1. Терминдер мен анықтамалар**

1.1. Осы Шартта және/немесе Шарттың ажыратылмас бөліктерінде пайдаланылатын терминдердің, егер өзге түсініктеме Шарттың мәтінінде тікелей көрсетілмесе, мынадай мағыналары болады.

|                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Банк</b>                                | Halyk Market электрондық сауда алаңындағы қызмет шеңберінде Серіктеске, Клиентке және Ұйымға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, түпкілікті өзара есеп айырысуларды жүзеге асыратын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Банк-эмитент</b>                        | Карточка Ұстаушының атына карточка шығарған, ХТЖ қатысушыларынан транзакциялар туралы деректерді алатын және авторландыруды жүзеге асыратын Банк.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Тауарды қайтару</b>                     | Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңына сәйкес Клиенттің Тауарды белгіленген мерзімде қайтаруын көздейтін заңнамалық рұқсат етілген рәсім.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Карточка ұстаушы</b>                    | Эмитент-банк атына Карточка шығарған жеке тұлға.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Тапсырыс</b>                            | Клиенттің Сайтта төлем үшін төлем құралын пайдалана отырып, Тауарды сатып алу туралы нұсқаулар беруі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Тыйым салынған тауарлар (қызметтер)</b> | Сатуға тыйым салынған немесе шектелген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген талаптарды бұза отырып өткізілетін тауарлар, көрсетілетін қызметтер, оның ішінде: Серіктестің қаруды, атыс және жарылыс қаупі бар заттар мен заттарды; есірткі, психотроптық, уытты, каустикалық заттарды өткізуіне (оның ішінде өзі өткізуіне) байланысты тауарлар, көрсетілетін қызметтер, жұмыстар және радиоактивті заттар; адам ағзалары мен тіндері; ішімдік және темекі өнімдері (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатынсыз); құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтер (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатынсыз); жыныстық сипаттағы, сондай-ақ жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларына қайшы келетін қызметтер; Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Шартқа сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектелген өзге де тауарлар. |
| <b>Сұрату</b>                              | Сайтта не Клиент және/немесе Тауар туралы Төлем құралымен қалыптастырылатын ақпарат.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Интеграциялық платформа</b>             | Halyk Market, Банк және Серіктестің аппараттық кешендері мен бағдарламалық қамтамасыз етулерін біріктіруге арналған техникалық шешім.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Байланыс арнасы</b>                     | Шарт бойынша ақпарат беру құралдарының бірі: электрондық пошта (e mail), пошта байланысы, USSD/SMS                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Карточка</b>                            | Карточкалармен төлемдермен операциялар жасау үшін, сондай-ақ осындай Карточканың Эмитент-Банкі айқындаған тәртіппен және шарттарда өзге операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын шоттағы ақшаға қол жеткізу құралы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Карт-шот</b>                            | Эмитент-банк операциялары карточканы пайдалана отырып жүргізілетін карточка ұстаушыға ашатын банктік (ағымдағы) шот.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Клиент</b>                  | Төлем құралының көмегімен Сайтта Тауарды сатып алуды жүзеге асыратын жеке тұлға.                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Тариф</b>                   | Аударым операциялары үшін Банктің тарифінен және қызметтер үшін Серіктес төлейтін Ұйымның тарифінен тұрады.                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Жеке кабинет</b>            | Сайтта бөлінген Серіктестің ақпараттық кеңістігі, оған Серіктес логин мен парольді енгізу арқылы қол жеткізеді.                                                                                                                                                                                                |
| Халықаралық төлем жүйесі (ХТЖ) | Бірыңғай сауда белгісімен әрекет ететін халықаралық банктік төлем қауымдастығының қатысушылары арасындағы транзакциялар мен өзара есеп айырысу жүйесі.                                                                                                                                                         |
| Деректерді өңдеу               | Halyk Market өңдеу үшін ұсынылатын Тауар (сату), Нұсқау, Нұсқаудың орындалуы үшін Төлем құралымен төлеу туралы ақпаратты және өзге де ақпаратты жинау, талдау, беру, жинақтау және жүйелеу процесі.                                                                                                            |
| <b>Онлайн-режим</b>            | Клиенттің Halyk Market-тегі Серіктестің онлайн-дүкенінен Серіктестің дүкеніне жеке бармай-ақ, қашықтан режимде Тауарларды таңдауы және сатып алуы, сондай-ақ Банк бөлімшелеріне бармай-ақ, Серіктес Тауарларын қашықтан сатып алуға тауарлық кредит/бөліп төлеуді алу.                                         |
| <b>Серіктес</b>                | Деректерді өңдеу мақсатында тауары/қызметі Сайтта орналастырылған заңды тұлға не жеке кәсіпкер.                                                                                                                                                                                                                |
| <b>ЭШФ порталы</b>             | Қазақстанда электрондық шот-фактураларды жазып беруге, алуға және өңдеуге арналған портал; операторы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитеті болып табылатын мемлекеттік жүйе.                                                                                                                 |
| Өндіруші                       | Дайын өнімді/тауарларды/қызметтерді жасайтын тұлға немесе тіркелген компания.                                                                                                                                                                                                                                  |
| Бөліп төлеу                    | Банктің Клиентке Halyk қосымшасында онлайн-режимде сыйақы мөлшерлемесі нөл пайыз болатын нысаналы пайдалану шарттарында Серіктестің Тауарларын Сайтта сатып алу мақсатына беретін және банк төлем құралы бойынша беретін нысаналы банктік қарыз.                                                               |
| <b>Сайт</b>                    | Интернет-ресурс <a href="https://www.halykmarket.kz">https://www.halykmarket.kz</a> , Halyk Market сауда атауымен, оның бөлімдерін қоса алғанда, Halyk қосымшасындағы бөлімдер, және Ұйымға тиесілі туынды halykmarket.kz қолданбалы бағдарламалар (оның ішінде мобильді құрылғыларға арналған бағдарламалар). |
| <b>Төлем құралы</b>            | Төлем карточкаларымен жасалатын операция арқылы жасалатын өз қаражаты немесе қарыз қаражаты есебінен, қолма-қол ақшасыз төлем тәсілімен, тауарлық кредит және/немесе бөліп төлеу тәсілімен төлемдер жасау үшін нұсқау беру тәсілдерінің бірі.                                                                  |
| Тарап (Тараптар)               | Ұйым және / немесе Серіктес.                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Шот                            | Банкте ашылған Серіктестің ағымдағы шоты.                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Тауар                          | Серіктес Сайтта төлем құралы арқылы сататын және Клиент Halyk Market-те сатып алатын тауарлар/қызметтер/жұмыстар.                                                                                                                                                                                              |
| <b>Транзакция</b>              | Операция, осуществляемая посредством реквизитов Карточки для приобретения Товаров/Услуг.                                                                                                                                                                                                                       |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тауарлық кредит</b> | Банктің Клиентке ұлттық валютада онлайн-режимде Halyk қосымшасына Төлем құралы арқылы қарыз сомасын біржолғы аудару жолымен нысаналы пайдалану, жеделдік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында тауарларды порталда сатып алу мақсаттарына беретін нысаналы банктік қарыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Нұсқау</b>          | Клиенттің Банкке / эмитент-банкке Серіктес сатқан Тауарлар үшін ақша төлеу туралы нұсқауын қамтитын төлем құжаты.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Қызмет</b>          | Шарт бойынша Серіктеске Ұйым және Банк көрсететін қызметтер:<br>1) Ұйымның қызметтері: төлем құралы арқылы Серіктестің сайтында Клиенттің Тауарды сатып алуы кезінде төлем карточкаларымен жасалатын операциялар бойынша деректерді өңдеу және беру жөніндегі ақпараттық-техникалық қызметтер;<br>2) Банктің қызметтері: Клиент сатып алатын Тауарлар үшін төлем құралы арқылы ақша аударумен байланысты ақшаны есептеу операциялары.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Chargeback</b>      | Эмитент-Банктің Серіктес шарт шеңберінде төленген Тауарларды сату, жеткізу немесе Қызметтер көрсету жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда немесе эмитент-банкке Карточка ұстаушының карт-шотынан төлем жүргізілген өтініші келіп түскен жағдайда осы картадан тауарлар / қызметтер үшін төлем шоттарынан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы даулы транзакция сомасын карточка ұстаушыға қайтару қажеттілігі туралы талабы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Dispute</b>         | Карточкамен төлеген кезде клиентте туындайтын проблемалық жағдай. Бұл техникалық қателікке және/немесе тауарды сату кезінде серіктестің дұрыс емес мінез-құлқына байланысты болуы мүмкін.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Halyk Market</b>    | Интернет желісінде <a href="https://www.halykmarket.kz">https://www.halykmarket.kz</a> , мекенжайы бойынша Halyk Market сауда атауымен веб-беттерде, ақпараттық ресурстарда орналастырылған ұйымның электрондық сауда алаңы. Осы Шарт шеңберінде «Halyk Market сауда алаңы», «Интернет-дүкен», «Halyk Market» ұғымдары, сондай-ақ <a href="https://www.halykmarket.kz">https://www.halykmarket.kz</a> интернет мекенжайы, оның бөлімдері мен halykmarket.kz туындыларын қоса алғанда, Серіктеске Тауарды төлем құралы арқылы сату үшін қол жеткізуге мүмкіндік беретін Halyk қосымшасын қоса алғанда, қолданбалы бағдарламалар (соның ішінде мобильді құрылғыларға арналған бағдарламалар), олардың Шарттың мәнмәтініне сәйкес күші бірдей және бірдей деп түсіндіріледі. |
| <b>Halyk</b>           | Клиентті тіркеу/Банктің тауарлық кредитті немесе бөліп төлеуді ресімдеуі жүзеге асырылатын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржы порталы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>ОТР-код</b>         | Клиентке SMS-хабарлама, электрондық пошта немесе басқа байланыс арналары арқылы жіберілетін уақытша қорғалған PIN-код.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |

## 2. Шарттың мәні

2.1. Ұйым Сайт арқылы Серіктеске қызмет көрсетеді, ал Серіктес Ұйымға көрсетілген Қызметтер үшін Тарифті Шартта көзделген тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

2.2. Ұйым интеграциялық платформа мен Сайт арқылы төлем карточкаларымен жасалатын операциялар бойынша есеп айырысуға қатысушыларға ақпаратты жинау, өңдеу және тарату бойынша қызметтер көрсетуді қоса алғанда, есеп айырысуға қатысушылар (Серіктес, Клиент, Банк, Эмитент-Банк) арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуді, оның ішінде нұсқауларда қамтылған ақпаратты автоматты түрде өңдеуді қамтамасыз етеді. деректер нәтижелерін ұсыну. Деректерді өңдеу нәтижелері Сайтта орналастырылады және/немесе байланыс арналарының бірі және/немесе жеке кабинетте жіберіледі. Интеграциялық платформа Ұйымның төлем құралдарының бірі арқылы Клиенттің Тауарды сатып алу мүмкіндігін іске асыру және шарт тараптары арасындағы есеп айырысуды қамтамасыз ету үшін деректерді өңдеу бойынша Серіктеске қызметтер көрсету мақсатында пайдаланылады.

2.3. Ұйым өңделген деректерді, соның ішінде деректерді орналастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді.

2.4. Halyk Market шеңберінде Клиенттің тауарды Серіктестен төлем құралы арқылы сатып алуы жүзеге асырылады.

### **3. Halyk Market-те қызмет көрсету. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

3.1. Серіктестің жеке кабинетіне кіру Сайтта және/немесе мобильді қосымшада белгіленген рәсімге сәйкес жүргізіледі.

3.2. Клиенттің Банктен тауарлық кредит/бөліп-бөліп алу жолымен Серіктесінен Тауарды сатып алу процесі, Бауарлық кредит/бөліп төлеу мәселелері бойынша Банк пен Клиенттің өзара іс-қимыл жасау рәсімі Halyk қосымшасының платформасында орналастырылатын Банктің ережелерімен айқындалады. Банктік қарыз шарттары тікелей Банк пен Клиент арасында жасалады. Ұйым банктік қарыз шартының тарабы болып табылмайды және Банктің және/немесе Клиенттің банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

3.3. Серіктестің міндеттері:

1) Шартта белгіленген талаптарды сақтауға, оның ішінде Halyk қосымшасындағы Halyk Market бөлімінде қолжетімді Сайтта қызмет көрсетуді реттейтін және Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын мынадай құжаттарды басшылыққа алу:

Тауарлар мен бағаларды жариялау жөніндегі нұсқаулық (Шарттың 2-қосымшасы);

Шарттың 3-қосымшасына сәйкес Серіктестің рейтингі мен бағасын есептеу ережесі;

Шарттың 4-қосымшасына сәйкес жекелеген санаттар бойынша Halyk Market-тегі Серіктес үшін Тариф;

Шарттың 5-қосымшасына сәйкес Тауарды қайтару жөніндегі нұсқаулық;

Ұйым жіберген нысан бойынша Серіктес пен Ұйым арасындағы тану/қайтару жөніндегі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

2) Жеке кабинетке Серіктестің тауары туралы деректерді (артикул, атауы, Серіктестің сату нүктелеріндегі Тауарлардың қолжетімділігі, бағасы) толық көлемде жүктеу. Егер Серіктес Тауары туралы деректерді жүктеуді Серіктеспен келісім бойынша Ұйым жүзеге асырса, Серіктес Тауар туралы орналастырылған деректердің сәйкестігі үшін Клиент алдында жауапкершілікте болады;

3) Серіктестің сату нүктелерінде Тауардың қолжетімділігі және тауардың құны туралы өзекті деректерді қолдау үшін Тауар туралы ақпаратты тәулік ішінде кемінде бір рет үнемі жаңартып отыру;

4) Сайтта жарияланатын тауар туралы дұрыс және өзекті деректерді ұсыну. Тыйым салынған тауарларды, оның ішінде контрафактілік, контрабандалық өнімдерді бұрмалағаны және сатқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктес жауапкершілікте болады;

5) «Тапсырыс бойынша» Тауарды қоспағанда, Сайтта қойылған Тауардың қоймада болуын қамтамасыз етуге міндетті. Егер Тауар Қазақстан Республикасының аумағында міндетті сертификаттауға және лицензиялауға жататын болса, Серіктес Сайтта орналастыруға жататын Тауардың барлық сертификаттары мен лицензиялары болуы тиіс;

6) Ұйымның талабы бойынша Тауарды Клиентке сату фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсыну;

7) Тауарларды дербес іріктеуге, жинақтауға, буып-түюге, таңбалауға, қажетті тауарға ілеспе құжаттаманы (кепілдік талондарын, фискалдық чектерді және басқаларын қоса алғанда) ресімдеуге, Клиенттің назарына қажетті, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамада көзделген қажетті анық ақпаратты жеткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының барлық талаптарын сақтай отырып, Ұйымның Шартты тиісті түрде орындауы үшін қажетті өзге де құжаттар мен ақпаратты беру;

8) Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңында көзделген мерзімдерде және тәртіппен Тауарды қайтару/айырбастау кезінде Клиенттің шағымдарын/өтініштерін қарау, сондай-ақ Тауарды қайтаруды ресімдеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинеті арқылы Тауарды қайтаруға бастамашылық жасау;

9) төлем құралы арқылы төлем жасау кезінде Тауарларды өткізуді жүзеге асыруға;

10) Шарт нысанасына байланысты емес басқа да мақсаттар үшін Банк, сондай-ақ Ұйым ұсынған құжаттарды пайдаланбау;

11) Шартта және Тараптар қол қойған өзге де құжаттарда көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру;

12) Ұйымда және / немесе Серіктесте Серіктес қызметкерлерінің алаяқтық әрекеттеріне күдік туындаған жағдайда, мұндай жағдайларға тергеп-тексеру жүргізуді қамтамасыз ету және Ұйымға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тергеп-тексеру нәтижелері туралы толық ақпарат беру;

13) Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырысты ресімдеу процесінде Halyk Market-тен алынатын Клиенттің дербес деректерін сақтауды, өңдеуді, пайдалануды және үшінші тұлғаларға беруді жүзеге асырмау;

14) электрондық пошта арқылы ақпаратты [help@halykmarket.com](mailto:help@halykmarket.com) электрондық мекенжайға жіберу арқылы Серіктес тарапынан Сайтта туындайтын кез келген техникалық қателер туралы Ұйымды дереу хабардар ету;

15) рейтингті есептеу және Серіктесті бағалау ережелерінде сипатталған шекті деңгейден төмен рейтингті төмендетпеу бойынша жұмыс жүргізу;

16) соңғы 6 (алты) айда тапсырыстардың жалпы санына қатысты бас тартылған тапсырыстардың пайызын 5%-дан астамға асырмау. Тоқтатылған тапсырыстардың себептері:

- қоймада тауар жоқ;
- Серіктес растаған жоқ;
- Тауардың жарамсыздығы немесе сәйкес келмеуі;

17) Тауарларды өткізу кезінде қойылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптары белгілі бір уақытта сатуға тыйым салу, рұқсат етілген жасқа толмаған адамдарға және тұлғаларға сатуға жол бермеу және осындай тауарларды (ішімдік, темекі бұйымдары, дәрілік заттар және т. б.) өткізудің ерекше талаптарын көздейтін тауарларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық талаптарды сақтау. Серіктес осы тармақшада көзделген тауарларды өткізу кезінде, сондай-ақ Серіктестің осы талаптарды бұзуы нәтижесіндегі барлық салдарлар үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға жауапкершілікте болады;

18) клиенттен тапсырысты өңдеу процесіне қосылған Серіктестің ішкі жүйелерінің жедел жұмысын қамтамасыз ету;

19) Ұйым алдындағы Шартта көрсетілген өз міндеттемелерінің толық, адал және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

20) төлем құралына қарамастан – қолма-қол/қолма-қол емес, Кредит/бөліп төлеу және платформаға/электрондық сауда алаңына/тауарды сату нүктесіне қарамастан, сол бір Тауарды сатудың бірыңғай талаптарын, сату бағасында айырманың болмауын қамтамасыз ету;

21) егер қызмет лицензиялануға немесе өзге де рұқсат алуға жататын болса, Ұйымға тиісті лицензия/рұқсат беру;

22) Halyk Market және Шарт шеңберінде ынтымақтастық мәселелері бойынша қызметкерлерді оқытуды жүзеге асыру, сондай-ақ сауда орындарындағы консультанттарды/менеджерлерді Клиентке кеңес беруге және Halyk Market арқылы Банкте Тауарлық кредит/бөліп алуға көмек көрсету;

23) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Ұйымның жазбаша келісімімен ғана басқа тұлғаға толық немесе ішінара беру;

24) Ұйымның талабы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатылатын Тауардың тауарды өткізу және/немесе өткізілетін тауар туралы ақпаратты жариялау үшін қажетті заңнама, рұқсаттар, сертификаттар талаптарына сәйкестігі туралы құжаттарды, оның ішінде «брендтің»/фирмалық атаудың/тауар белгісінің/қызмет көрсету белгісінің және/немесе өзге де құқық иеленушілерінен ұсынуға зияткерлік меншік құқығының объектілері және оларды пайдалану, сауда нүктесінің/қойманың фотосуреттері, Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттар немесе сұрату бойынша өзге де құжаттар мен ақпарат;

25) Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, қайтарылуға жататын Тауардың төленген сомасын қайтаруға құқылы;

26) қызмет түрін, Серіктес сайтының доменін, Серіктестің орналасқан жерінің/нақты/электрондық мекенжайларын және/немесе бренд атауын, банк деректемелерін, ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту ниеті туралы Ұйымды электрондық пошта арқылы хабардар ету. Серіктес көрсетілген өзгерістер пайда болған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей Ұйымға қызмет түрі бойынша құжаттарды, Серіктес сайтының мекенжайларын, Серіктестің орналасқан жерінің/нақты/электрондық мекенжайларының мекенжайларын, банк деректемелерін, серіктестің ұйымдық-құқықтық нысанын растайтын жаңа деректерді қамтитын ақпаратты жібереді;

27) Серіктестің осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы салдарынан туындаған құжаттамалық расталған залалдарды Ұйымға толық көлемде өтеу;

28) Серіктестің лицензиядан/рұқсаттан айырылғаны туралы Ұйымды дереу хабардар ету (Серіктес Сайт арқылы өткізетін тауарға қатысты);

29) Ұйыммен, курьерлік қызметпен өзара іс-әрекет жасау кезінде іскерлік әдеп қағидаларын сақтау. Серіктестің немесе оның өкілінің шарт жасасқанға дейін де, оның қолданылу кезеңінде де Call-орталық операторларымен/менеджерлерімен және Ұйымның өзге де өкілдерімен немесе алушылармен қарым-қатынасы жалпы қабылданған мораль және коммуникациялық этикет қағидастарына негізделуге тиіс. Дөрекі сөздерді, ұрысуды, қорлайтын сөздерді, сондай-ақ қорқыту мен бопсалауды қолдануға қатаң тыйым салынады, олар қандай түрде және кімге бағытталғанына қарамастан;

30) Серіктеске қатысты болған оқиғалар басталған күні Ұйымға дереу хабарлау, мысалы:

- жеке кәсіпкер ретінде салық органында есептік тіркеуден шығару;
- Серіктесті мәжбүрлеп қайта құру немесе тарату;
- Серіктестің кез келген банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- Серіктестің ақшасына және/немесе басқа мүлкін тыйым салу;
- Серіктеске қатысты уәкілетті органдардың Сайттағы қызметін шектейтін шешімдер/әрекеттер қабылдауы туралы;
- Серіктестің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына мүмкіндік болмайтын өзге де шешімдер немесе әрекеттер;

31) «бренд»/фирмалық атауы/тауар белгісі/қызмет көрсету белгісі және/немесе зияткерлік меншік құқығының өзге де объектілері құқық иелерінің зияткерлік меншік құқығын сақтай отырып, Тауарды өткізуді жүзеге асыру;

32) ұялы байланыс операторының желісіне (смартфондар, планшеттер, бейнебақылау камералары және т. б.) қосылудың техникалық мүмкіндігі бар Тауарды ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының (верификация) сәйкестендіру кодтарының дерекқорына енгізу;

33) осы тармақтың 32) тармақшасында көрсетілген Тауарды ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорында болмаған жағдайда қайтаруды/айырбастауды қамтамасыз ету (верификациялау);

34) Тауарды өткізу кезінде Клиентке тауарға барлық құжаттарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, кепілдік, сәйкестік сертификаттары, фискалдық чек және т. б. ұсынуды қамтамасыз ету;

#### 3.4. Ұйымның міндеттері:

1) Сайттан Тауар сатып алу үшін Клиентті Банктің қаржыландыруының техникалық мүмкіндігін ұйымдастыру;

2) Клиент төлем құралдарының бірімен сатып алған Тауарды алғаннан кейін Сайтта Клиент сатып алған Тауар үшін ақшаны Банкте Серіктес шоты болған кезде Астана қ. уақыты бойынша 18 сағат 00 минуттан кешіктірмей Серіктестің шотына аударуды жүзеге асыру, Банкте банктік шоты болмаған кезде басқа банктегі Серіктестің банктік шотына Тауарды Клиент алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей аудару, «Түркиядан келген тауарлар» бөлімінен және/немесе «Қытайдан келген тауарлар» бөлімінен Тауар сатылған кезде Клиент тауарды алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде;

3) Halyk Market жұмыс сағаттарындағы кез келген өзгерістер туралы Серіктесті осындай өзгерістер күніне дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабардар ету;

4) Шартта көрсетілген Серіктес алдындағы өз міндеттемелерінің толық, адал және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

5) Серіктестің өтінімі бойынша Halyk Market және Сайттың жұмысы туралы ақпаратты техникалық қолдауды және ұсынуды жүзеге асыру;

6) есептік айдан кейінгі айдың 15-ші (он бесінші) күнінен кешіктірмей электрондық пошта арқылы Серіктеске Ұйым белгілеген нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін ұсыну;

7) Сайтта логотиптер мен Серіктес туралы ақпаратты орналастыру;

8) Halyk Market-тің жұмысының мәселелері бойынша Серіктестің жеке кабинетінде ақпарат беру;

9) Шартта көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

#### 3.5. Серіктес құқылы:

1) Клиент Банкінің кредит беру талаптары, рәсімдері мен тәртібі туралы Ұйымнан толық ақпарат, сондай-ақ Банктің Тауарлық кредит/бөліп төлеу талаптарының өзгерістері туралы ақпарат алуға;

2) Halyk Market сауда атауын пайдалануға және Ұйым туралы ақпаратты барлық ақпараттық-жарнамалық материалдарда Банктен Тауарлық кредит/Бөліп төлеу жолымен тауарды сатып алу мүмкіндігі туралы орналастыруға;

3) Ұйымнан Шарт бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын талап етуге;

4) Шарт талаптарындағы өзгерістер мен толықтырулар, Сайттағы Тарифтер туралы өз бетінше білуге құқылы. Серіктестің Тарифтердің ұлғаю жағына қарай өзгеруіне келіспеу туралы өтінішті ұсынбауы Серіктестің Тарифтермен келісуін білдіреді. Серіктес Тарифтердің ұлғаю жағына қарай өзгеруімен келіспеген жағдайда Серіктес Шартта белгіленген тәртіппен Шартты бұзуға құқылы.

#### 3.6. Ұйым құқылы:

1) Серіктестің «қолма-қол ақша беру» схемасын қолдануы мақсатында Ұйымның жүйелерін пайдалануына күдікті ұйымды қоса алғанда, ақпараттық жүйелерді пайдалануға және/немесе тыйым салынған тауарларды өткізуге байланысты алаяқтықтың не осындай Серіктестің өзге де заңсыз қызметінің ықтимал фактілері туралы болжамдар болған кезде (Тауарды жалған сату) Тауардың орнына клиентке ақша беру), даулы жағдайды анықтау/реттеу сәтіне дейін нақты Серіктеске қатысты Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға. Тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған мұндай тоқтата тұру Шартты бұзу болып табылмайды және мүлктік санкциялар мен Ұйым үшін өзге де жағымсыз салдарларды қолдануға негіз бола алмайды. Міндеттемелерді орындауды тоқтатқан жағдайда Ұйым бұл туралы Серіктеске Шартта белгіленген мерзімде электрондық пошта арқылы хабарлама жібереді;

2) белгіленген Тариф мөлшерінде Ұйымға сыйақы төлеу мөлшеріне / тәртібіне қатысты шарттарға өзгерістер енгізуге;

3) алаяқтық операцияларға күдік туындаған жағдайда, Клиент Сайтта сатып алған Тауар үшін ақша аударуды жүзеге асыру мерзімін біржақты тәртіппен өзгертуге, бұдан әрі өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Серіктесті жазбаша хабардар етуге;

4) Серіктестің осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы салдарынан туындаған құжаттамалық расталған залалдар үшін Серіктеске шот қоюға;

5) Ұйымда осы аударым қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен), терроризмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзумен/жалтарумен байланысты болуы мүмкін деген күдік туындаған кезде Серіктеске Сайттан Клиент сатып алған тауар үшін ақша аударымын жүргізуден бас тартуға, бұл Серіктеске бас тарту күніндегі күдіктің себептері туралы хабарлау арқылы;

6) Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға және/немесе жағдайларда Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен Серіктеспен іскерлік қатынастарды тоқтатуға:

- Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып – жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңында (бұдан әрі-ҚЖ/ТҚҚ заңы) көзделген;

- Серіктес жасаған операцияларды зерделеу процесінде іскерлік қатынастарды серіктес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру, сондай-ақ Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзу/жалтару мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда;

- Серіктестің банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұру;

- кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF және БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған Серіктеске және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты халықаралық экономикалық санкциялардың болуы;

- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзуға/жалтаруға қарсы іс-қимыл туралы ұйымның ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде көзделген;

- егер Серіктес немесе оның өкілі іскерлік этика, жалпы қабылданған мораль және коммуникациялық этикет ережелерін, оның ішінде Ұйыммен, курьерлік қызметпен және олардың өкілдерімен, сондай-ақ алушылармен өзара іс-қимыл жасау кезінде бұзса, қандай түрде және олар кімге жіберілген, қандай жағдайда болмасын, балағат сөздер, ұрысулар, қорлайтын сөздер, сондай-ақ қоқан-лоққылар мен шантаждарды қолдануға жол береді.;

- Серіктес алты ай ішінде екі немесе одан да көп рет Тауардың болмауына байланысты тапсырыстан бас тартқан кезде;

- Ұйым алты ай ішінде алушыдан Серіктестің/оның өкілдерінің әрекеттеріне үштен астам шағым алған;

- Ұйым Серіктестің Тауардың орнына оның ақшалай өтемақысын алуды, Тауарды ауыстырудың өзге де схемаларын қолдануды ұсынатыны туралы алушының шағымын алған кезде;

7) Ұйымға дербес деректер бойынша берілген келісімдердің кез келгенін кері қайтарып алған, біреудің олардың жарамдылығына дау айтқан, Ұйымға дербес деректер бойынша берілген келісімдердің кез келгенін жарамсыз деп таныған, Ұйымның Ұйымға ұсынылған дербес деректер субъектілерін дербес деректерін (оның ішінде оларды жою, бұғаттау, иесіздендіру және т. б. нәтижесінде) пайдалана алмаған жағдайда Шарттан бас тартуға. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін шаралар қолдануды ұйымдастыруға;

8) Серіктестен Ұйымның ҚЖ/ТҚҚ туралы заңның және осы Шарттың талаптарын орындамауы/тиісті түрде орындамауы себебінен шеккен барлық тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге;

